

Бұқар жырау ауданының елді мекендерінің аумақтарын көркейту ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы 34 сессиясының N 7 шешімі. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қаңтардағы N 8-11-111 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 5 сессиясының 2012 жылғы 21 маусымдағы N 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 5 сессиясының 2012.06.21 N 9 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енеді) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына сәйкес, аудандық Мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Қоса беріліп отырған Бұқар жырау ауданының елді мекендерінің аумақтарын көркейту ережелері бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2002 жылғы 10 шілдедегі 20 сессиясының "Бұқар-Жырау ауданындағы елді мекенді аумақтарды көркейту, жас көшеттерді күту және қорғау ережелерін бекіту туралы" N 7 шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 888 болып енгізілген, аудандық "Сарыарқа" газетінің 2003 жылғы 31 мамырдағы N 22 с а н ы н д а ж а р и я л а н ғ а н) ;

2) Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2005 жылғы 26 қазандағы " Бұқар-Жырау аудандық Мәслихатының 20 сессиясының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 7 "Бұқар-Жырау ауданындағы елді мекенді аумақтарды көркейту, жас көшеттерді күту және қорғау ережелерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 4 шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-11-12 болып енгізілген, аудандық "Сарыарқа" газетінің 2005 жылғы 24 желтоқсандағы N 51 санында жарияланған);

3) Бұқар жырау аудандық Мәслихатының 2009 жылғы 21 шілдедегі 17 сессиясының "Бұқар жырау аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-11-81 болып енгізілген, аудандық "Сарыарқа" газетінің 2009 жылғы 5 қыркүйектегі N 35 санында жарияланған) N 7 шешімімен бекітілген, Бұқар жырау аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістердің тізбесінің 1 тармағы.

Ескерту. Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2002.07.10 N 7 шешімі РҚАО-ға түспеген.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ш. Курбанов

Мәслихат хатшысы

А. Жүніспеков

КЕЛІСІЛДІ:

"Бұқар жырау ауданының тұрғын үй
коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Б . Ж . Д ю с е к е е в

2010 жылғы 23 желтоқсан

Бұқар жырау ауданының ішкі істер
басқармасының бастығы
С . С . А л и е в

2010 жылғы 23 желтоқсан

Бұқар жырау ауданы бойынша мемлекеттік
санитарлық – эпидемиологиялық
қадағалау басқармасы бастығы
С . Б . С е м б а е в

2010 жылғы 23 желтоқсан

"Бұқар жырау ауданының құрылыс,
сәулет және қала құрылыс бөлімі"
мемлекеттік мекемесі бастығының
міндетін атқарушы
Б . Б . А р и н о в

2010 жылғы 23 желтоқсан

Б ұ қ а р

ж ы р а у

а у д а н д ы қ

М ә с л и х а т ы н ы ң

34

с е с с и я с ы н ы ң

Бұқар жырау ауданының елді мекендерінің аумақтарын көріктендіру ережелері 1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Ережелер көріктендіру саласында бірыңғай және орындалуы міндетті нормалар мен талаптарды белгілейді, Бұқар жырау ауданының аумағындағы жер учаскелерінің, ғимараттардың, құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үшін аудан аумағын тазалау және күтіп ұстау тәртібін анықтайды.

2. Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, аудан аумағын көріктендіру, санитарлық тазалау және күтіп ұстау жағдайына талаптарды анықтайтын Қазақстан Республикасының техникалық регламенттер, құрылыстық және санитарлық ережелері мен нормалары негізінде әзірленген.

3. Аумақты көріктендіру және санитарлық күтіп ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру кенттер және селолық округтар әкімдеріне, сәулет, қала құрылысы және құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мәселелерін қарастыратын Бұқар жырау ауданы әкімдігінің мемлекеттік мекемелеріне, кондоминиум объектісін басқару мақсатында құрылған көп пәтерлі тұрғын үйлердегі үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің коммерциялық емес бірлестіктері, қаланың өзін-өзі басқару органдарына, ғимараттар, құрылыстар, жер учаскелері иелерінің және (немесе) жер пайдаланушыларға жүктеледі.

2 бөлім. Осы Ережелерде қолданылатын негізгі ұғымдар мен түсініктер

4. Аумақты санитарлық тазалау (жинау) – халықтың өмір сүру нәтижесіндегі тұрмыстық қалдықтарды жинау, жою және залалсыздандыру іс-шаралар жүйесі.

5. Бекітілген аумақ – кенттер және селолық округтар әкімдері беретін және ауданның өкілетті сәулет және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісілген, аумақты көріктендіру (оның ішінде жинау және ұстау) паспортында көрсетілген жер учаскесі (аумақты көріктендіру паспортының үлгісі осы Ережелерге қоса беріліп отыр).

Ауданның елді мекендері аумағында бекітілген нысандар болып табылатындар:

бөлінген учаскенің өтпе жол шетімен шектелген көше жағындағы аумағы; ауланың ішкі аумағы - шағын сәулет түрлерін, балаларға арналған, кір жаятын, қоқыс жәшіктері орналасқан алаңшаларды, автокөлік тұрақтарын, үйге кіреберіс жолдарды, аулаға кіреберіс жолдарды орнату үшін пайдаланылатын

жерлер. Бір аулада бірнеше жер пайдаланушылар болса, онда бекітілген аумақ шекаралары пайдаланылатын аумақ шекараларына пропорционал немесе тараптардың келісімі бойынша анықталады; бөлінген және іргелес аумақ; инженерлік желілердің қорғалатын аймақтарының аумағы.

Жеке және заңды тұлғалар бекітілген аумақтың субъектілері болып табылады :

кондоминиум объектісін басқару мақсатында құрылған көп пәтерлі тұрғын үйлердегі үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің коммерциялық емес ұйымдары; ғимараттар мен құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары; жер учаскелерінің иелері және (немесе) пайдаланушылары.

Субъектілерде бекітілген аумақтарды презентабельді ұстау жөніндегі міндеттер осы аумақтарды бекіту жөніндегі актілер күшіне енгізілгеннен бастар т у ы н д а й д ы .

6. Бөліп берген аумақ - әкімдіктің қаулысының негізінде жер пайдаланушыға меншікке немесе ғимараттарды, қондырғыларды және басқа нысандардың құрылысы немесе пайдалану үшін берілген жер учаскесі.

7. Ғимараттың қасбеті – ғимараттың немесе қондырғының сыртқы жағы.

8. Жасыл көшеттер – презентабельді сәулет-ландшафтық көрінісін, тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық жағдайды қамтамасыз ететін елді мекеннің жоспарлы шешімінің өсімдік нысандары (газондар, гүлзарлар, ағаштар, т а л д а р) .

9. Жаяу жүргіншілер аймақтары - тұрғындардың қозғалысы жүзеге асырылатын аумақтардың учаскелері.

10. Жер пайдаланушы – меншіктің мақсаты мен түріне қарамастан (кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, жеке кәсіпкерлер, үй және жеке аулалардың иелері, жалға алушылар, пәтер иелерінің кооперативтері) елді мекен шекарасында жер учаскесін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға.

11. Жолдарды ұстау – нәтижесінде жолдың, жол қондырғыларының, бөлу белдеулерінің, жол құрылысы элементтерінің, қозғалысты ұйымдастыру және қауіпсіздіктің транспорттық пайдалану жағдайы сақталатын кешенді жұмыстар.

12. Газон - шөп егу, гүлзарларды, ағаштар мен талдарды отырғызудан тұратын жасанды көркейту элементі.

13. Көркейту – ауданның елді мекендерінің қауіпсіздігін, қолайлылығын және презентабельділігін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет. Келесі бағыттар бойынша: нысандарды және көркейту нысандарын ұстауды, пайдалануды, жөндеуді, сақтауды, ұйымдастыруды көздейді: нысандардың және үй маңындағы аумақтардың презентабельді сыртқы бейнесі, сыртқы жарықтандыру және инженерлік көркейту, көгалдандыру, санитарлық игілігі (дыбыс және шуыл

режимдерін қоса отырып), жарықтандыру, жер жұмыстарын жүргізуді қ а р а с т ы р а д ы .

14. Қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі - ҚТҚ) - өндіріс немесе тұтыну процесінде пайда болған шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың және өзге де өнімдер мен азық-түліктің қалдықтары, сонымен қатар өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер).

15. ҚТҚ және ІКҚ пайдаға асыру (залалсыздандыру) - қатты тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемдегі қалдықты адамдардың өміріне және қоршаған ортаға зиянды әрекетін болдырмау мақсатында арнайы қондырғыларда әр түрлі технологиялық әдістермен өңдеу.

16. Жүріс жолы - тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және басқа да селолық құрылыс нысандарына, елді мекендер ішінде транспорт құралдарының жүруін қамтамасыз ететін жол элементі.

17. Пайдаланушы – меншік иесі өзінің мүлкін жалға беру, жалдау, шаруашылық жүргізу, оперативтік басқару құқығымен және (немесе) заңнамамен қарастырылған шартпен өзге де негізде берген тұлға.

18. Ұйымдастырылмаған үйінді - өз бетімен (ұйымдастырылмаған) қалдықтарды тастау немесе қалдықты ол мақсатқа арналмаған аумаққа үю.

19. Сұйық тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі - СТҚ) - лас сулар және ж у ы н д ы л а р .

20. Сыртқы жарнама және ақпарат құралдары – сыртқы жарнаманы және ақпаратты тарату үшін арналған құрылыстар, қондырғылар, техникалық құрылымдар, көркем элементтер және басқа да жеткізілімшілер.

21. Сыртқы (көрнекі) жарнама - жылжитын және жылжымайтын нысандарда орналасқан, сонымен қатар жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарына бөлінген белдеу және елді мекендерде үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте о р н а л а с қ а н ж а р н а м а .

22. Тротуар - жүру жолына жапсарлас немесе одан газонмен немесе арық жүйесімен бөлінген жаяу жүргіншілер жүру үшін арналған жол элементі.

23. Шағын сәулеттік түрлер – декоративтік, сонымен қатар утилитарлық үлгідегі көлемі салыстырмалы шағын нысандар; декоративтік қондырғылар – мүсіндер, субұрқақтар, декоративтік су қоймалары, аркалар, барельефтер, гүлдер үшін клумбалар және құмыралар, ф л а г ш т о к т а р ;

утилитарлық сипаттағы нысандар – киоскілер, павильондар, беседкалар, орындықтар, урналар, көше, үй кестелері, телефон автоматтары, балалар ойыны және ересек адамдардың демалысы үшін жабдықтар және қондырғылар, сыртқы жарнаманың тұрақты нысандары (билбордтар, стелалар, витриналар, транспаранттар және басқа да қондырғылар).

24. Іргелес аумақ - меншікке жататын ғимараттардың, қондырғылардың, құрылыс алаңы қоршауларының, сауда, жарнама және өзге де нысандардың периметрлеріне және (немесе) жер учаскелерінің шекараларына тікелей жапсарлас жалпы қолданыстағы аумақ.

25. Сыртқы көрнекі жарнама және ақпараттың уақытша құралдары - жылжитын қалқанды қондырғылар (штендерлер), құрылыс және бөлшек сауда нысандары қоршауларындағы ақпараттар.

26. Тұрмыстық қалдықтар - адамның өмір сүру нәтижесінде пайда болған тұтыну қалдықтары.

27. Өндірістік қалдықтар – шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың және өзге де өнімдер мен азық-түліктің қалдықтары, сонымен қатар өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер).

28. Жергілікті өзін-өзі басқарудың аймақтық комитеті (бұдан әрі – ЖӨӨБАК) – тікелей халықтық немесе олар құрған ПИК және басқа да басқару үлгілері арқылы жергілікті маңызы бар мәселелерді өздері шешу үшін азаматтардың тұрғылықты жерде ұйымдасуы.

29. Осы ережелерде қолданылатын басқа түсініктер мен анықтамалар заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілермен, техникалық регламенттермен белгіленген мағынасында қолданылады.

3 бөлім. Жалпы талаптар

30. Меншіктің барлық түріндегі заңды және жеке тұлғалар және барлық меншік түріндегі тұлғалар оларға бөлінген және бекітілген аумақтар шегінде міндетті түрде:

1) оларға тиісті тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды, жапсарлас орналасқан басқа нысандарды өз есебінен техникалық дұрыс жағдайда, олардың сыртқы бейнесін тиісті жағдайда ұстауға, сәулет, санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкес жөндеуді және орналастыруды дер уақытында жүргізуге;

2) аула аумақтарын, қоршаулар мен шарбақтарды, көше атауының белгілерін, үйдің нөмірлік белгілерін, көшені жарықтандыру шамдары мен фонарьларын тазалықта және тәртіпте ұстауға;

3) құрылыс материалдарын және тұрмыстық қалдықтарды оларды шандатпау, желмен ұшырмау шараларын қолдана отырып, сақтау жүргізуге міндетті. Пайдалану процесінде одан әрі қолдануға жарамайтын тұрмыстық қалдықтар (пайдалану заттары, құрылыс материалдары) арнайы үйіндіге бөлінген жерлерге тасымалданады;

4) жасыл көшеттерді ведомстволық тиістілігіне қарамастан мұқият сақтау, жасыл көшеттерді отырғызуды өкілетті органдармен келісілген жобалар

5) ғимараттарда белгіленген үлгідегі оларда көше атауы, үй нөмірі және қоқысты жинайтын контейнерді анық көрсетілген тақтайшалар болуы.

31. Заңды және жеке тұлғалар инженерлік коммуникацияларды төсеу, жөндеу және қайта құруға байланысты жұмыстарды жол жабындарын, тротуарлар, көгалдар және басқа да объектілерді, көріктендірудің элементтері мен инженерлік құрылымдарды бұлдіру жолымен тек қайта қалпына келтіру және бүлінген жабындарды көркейту (оған айыппұл санкциялары және міндеттерді міндеттерді орындамағаны үшін өтемақы қосылады) мерзімдері және шарттары жөнінде шарттар болған жағдайда жұмыс жүргізе алады.

32. Заңды және жеке тұлғалар асфальтбетон қабаттарын (бұдан әрі - АБК) бұлдірумен байланысты жер жұмыстарын аяқтаған соң бес тәулік ішінде жол жабынын қалпына келтіруі қажет.

33. Меншіктің барлық түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдарға, жеке адамдарға жол берілмейді:

1) көшелер мен көлік өтетін бөлікке, газондарға, саябақтарға, скверлерге және басқа да жасыл көшеттерге, су қоймаларына, ливневкаларға, жылумен, су құбырына және канализациялық жүйелерге қоқысты, құрылыс қалдықтарын, сонымен қатар қар мен мұзды тастауға және сыпыруға;

2) аулалардың, скверлердің, саябақтардың және басқа да қоғамдық қолданыстағы жерлердің жабдықтарын қиратуға, арнайы бөлінбеген жерлерге (көшелерде, жалпы қолданыстағы аулаларда, алаңдарда) құрылыс материалдарын қ о й м а л а у ғ а ;

3) өрт қауіпсіздігі талаптарын бұза отырып, құрылыс материалдарын, ауыл шаруашылығы және өндірістік техниканы, отын қорын сақтауға;

4) меншік иесі және (немесе) нысанды пайдаланушының келісімінсіз және осы мақсаттарға бөлінген жерлерден тыс жерлерде, сонымен қоса Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған белгіленген тәртіпте алынған рұқсатнамалар немесе келісімдерсіз түрлі ақпараттық материалдарды (хабарландыруларды, плакаттарды, үндеухаттарды) орналастыруға, жазулар мен графикалық бейнелерді салуға;

5) аумақты тазалау немесе апатты жағдайларды жою бойынша жұмыстардан басқа сағат 23.00 бастап сағат 6.00 дейін тыныштық пен тәртіпті бұзатын ә р е к е т т е р д і ж а с а у ғ а ;

6) газондарда, гүлзарларда, балалар, киім жаю және контейнер алаңдарына, ғимараттардың аркаларына және жаяу жүргінші жолдарына әр түрлі мақсаттағы нысандарды орналастыруға, сонымен қатар қызметтік және жеке автокөлікті қ о ю ғ а , е н г і з у ғ е .

34. Кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің нәтижесінде пайда болатын

өндіріс қалдықтарын жинау және уақытша сақтау осы кәсіпорындардың күшімен осы мақсаттарға арнайы жабдықталған орындарда белгіленген тәртіпте бекітілген өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру лимиттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

35. Жеке тұлғалар, жеке аулалар мен жеке меншік қосалқы шаруашылық тық иелеріне:

1) ғимараттарды, оларға жапсарлас аумақтарды және шаруашылық құрылыстарды презентабельді жағдайда және санитарлық-экологиялық және өртке қарсы нормаларға сәйкес ұстау. Құрылыстардың және аумақтардың сыртқы қоршауларын дер уақытында бояу және әктеу;

2) Тезекті, тұрмыстық және күл қалдықтарын, қоқысты дер уақытында арнайы ҚТҚ үйетін жерлерге тасымалдау;

3) техниканы, жемшөп және отын қорын өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес сақтау, тұрғын үй құрылыстарына және қосалқы үй-жайларға кірме жолдарды бөгемей;

4) мал және құс ұстау жөніндегі барлық нормативтік талаптарды сақтау (паспорттау, ветеринариялық өңдеу), малдың елді мекен көшелері мен скверлері аумағында бос жүруін болдырмай, тиісті жайылымдық алқаптарға айдауды қамтамасыз ету қажет.

36. Тұрғын аймақта жол берілмейді:

1) көлік құралдарының толассыз қозғалысына, оқу-үйрену қозғалысына;

2) дыбыстық белгі беруге, музыка дыбысын қатты қоюға;

3) қосылған қозғалтқышы бар механикалық көлік құралдарын қоюға.

37. Санитарлық-қорғау зоналарының аумағында өндірістік кәсіпорындар иелері:

жинауды, көркейтуді, көгалдандыруды, шөпті және арам шөпті шабуды, ұйымдастырылмаған үйінділерді жоюды, құрылыс элементтерін (бетон, металл, ағаш конструкциялар, өсімдік қалдықтары) жинауды және ҚТҚ полигонға ұйымдастырылған тасымалдауды жүзеге асырады.

38. Жеке тұрған тұрақты жарнама нысандары маңайындағы жарнама конструкциялары бағандарынан 5 метр радиустағы аумақты тазалауды осы нысандардың иелері жүргізеді.

39. Сыртқы жарықтандыру қондырғылары бағандарының маңайындағы аумақты тазалауды осы аумаққа бекітілген баланс ұстаушылар жүргізеді.

40. Ұзақ уақыт пайдаланылмаған және игерілмеген бөлінген аумақтарды, құрылысы бұзылған аумақтарды жинауды және ұстауды жер пайдаланушылар немесе құрылыс салушылар өздері не "Бұқар жырау ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісілген қатаң белгіленген мерзімде

тазалаудың өтінім жүйесі бойынша жүргізеді (бұдан әрі - ТҮКШ, ЖК және АЖ).

41. Бөлінбеген және бекітілмеген аумақтарды жинау және ұстау бөлінген қаржыландыру шегінде бюджет есебінен жүзеге асырылады.

42. Жердің үстіндегі және жерасты суларын ағызуға арналған каналдарды, құбырларды және дренаждарды профилактикалық тексеруді, тазалауды, нөсерлік канализацияны, жауын-шашынды қабылдау құдықтарының коллекторларын тазалауды қызмет көрсетуші кәсіпорын жүргізеді, аула аумақтарын – пәтер иелерінің кооперативтері, жеке меншік учаскелерді – аумақтың иелері тазалайды.

43. Меншік түріне қарамастан шаруашылық субъектілерінің басшылары, жеке кәсіпкерлер, жеке аулалар иелері өздерінің меншігінде немесе басқаруында тұрған нысандарды тиісті жағдайда ұстайды.

44. Суға түсуге арналған жерлерде машиналарды жууға, кір жууға және жануарларды шомылдыруға және қыдыртуға тиым салынады.

45. Жалпы қолданыстағы демалыс зоналары аумағында сауда нысандарын орналастыруға қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес жол беріледі. Осы нысандарды ұстау, жөндеу, бекітілген аумақты күн бойы міндетті түрде қоқысты шығара отырып, тазалау олардың иелелері есебінен жүргізіледі.

46. Стадиондарды, спорт алаңдарын ұстау және жинау баланс ұстаушылардың техникалық персоналымен жүзеге асырылады.

47. Ұйымдастырылмаған үйінділерге жол берген адамдар Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Ережелерге сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Ұйымдастырылмаған үйінділерге жауапты адамдарды анықтау мүмкін болмаған жағдайда, қоқыстарды алу және осы үйінділердің орнын тегістеу жер аумағы иесінің есебінен жүргізіледі.

4 бөлім. Елді мекен аумағын тазалау және тазартуды ұйымдастыру, түрлері және тазалауға қойылатын негізгі талаптар

48. Заңды және жеке тұлғалар, шаруашылық субъектілері, кәсіпкерлер, ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары, жеке аулалар мен жеке қосалқы шаруашылық иелері өздеріне бекітілген және жапсарлас жатқан аумақтың ғана емес, сонымен қатар барлық елді мекен аумағының тазалығына және тәртібіне жауапкершілік тартылады.

49. Өндірістік кәсіпорындардың санитарлық-қорғау зоналарыны аумағын тазалауды меншік иелері және (немесе) осы кәсіпорындарды пайдаланушылар жүзеге асырады. Меншік түріне қарамастан заңды және жеке тұлғалар осы Ережелерге және көріктендіру паспорттарына сәйкес белгіленген аумақ шекарасында тазалау, суару, тротуарларға құм себу, қар және қоқыс шығару, суағарлар және сорғыларды тазарту жұмыстарын орындауы қажет.

50. Елді мекендердің презентабельді бейнесі, санитарлық ұстау және тазалау қоқыс шығаруға мамандандырылған кәсіпорындар арқылы жүзеге асырылады және келесі шараларды қамтамасыз етуді көздейді:

1) елді мекен аумағында қоқыстарды, қалдықтарды жинау және оларды уақытылы шығаруды ұйымдастыру;

2) аумақтарды нормативтік санитарлық-қорғау зоналары шегінде жүйелі ұстау жөніндегі жұмыстар.

Елді мекендердің аумағын санитарлық тазалау жүйесі тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жинауды, жоюды, залалсыздандыруды және пайдаға асыруды қарастырады.

Жаңадан құрылыс салынатын учаскелерде ғимаратты пайдалануға енгізетін кезде тазалау жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

51. Ғимараттар мен құрылыстардың, жеке тұрғын құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары кондоминиум объектісін басқару мақсатында құрылған көп пәтерлі тұрғын үйлердегі үй-жайлардың (пәтерлердің) иелерінің коммерциялық емес бірлестіктері, елді мекеннің жергілікті өзін-өзі басқару органдары:

1) тұрмыстық қалдықтарды жинауға дер уақытында шарттар жасауы;

2) қоқыс жинау орындары үшін су өтпейтін жабуымен алаңдар жабдықтауы тиіс.

52. Аумақтарды жинайтын ұйымдар, кәсіпорындар белгіленген тариф бойынша тұрғын үйлердің, ұйымдардың, мекемелердің аумақтарынан қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарды дер уақытында тасып әкетуді жүзеге асыруы тиіс (шарттарға сәйкес).

1 тарау. Аумақтарды күзгі-қысқы кезеңде тазалау

53. Күзгі - қысқы тазалау кезеңі 1 қарашадан бастап 1 сәуірге дейін белгіленеді. Ауа-райы жағдайларының күрт өзгеруі жағдайында (қар, аяз) күзгі-қысқы тазалауды бастау және аяқтау мерзімін сәйкес бюджеттік бағдарламаның әкімшісі үйлестіреді.

54. Жапырақ түсетін кезеңде түскен жапырақтарды уақытында жинау қажет. Жиналған жапырақтар көріктендіру бойынша кәсіпорындармен арнайы бөлінген учаскелерге немесе компосттау алаңдарына шығарылуы тиіс. Тұрғын құрылыс аумағында, скверлер мен саябақтарда жапырақтарды өртеуге жол берілмейді. Жапырақтарды ағаштар мен бұталардың тамыр бөлігіне жинауға жол берілмейді.

55. Қысқы кезеңде жолдар, бақ орындықтары, қоқыс салатын жәшіктер және шағын сәулет формаларының элементтері, сондай-ақ олардың алдындағы және

бүйірлеріндегі кеңістік, оларға кіреберіс жолдар қар мен мұздақтардан тазартылуы керек.

56. Саябақтардағы, орман саябақтарындағы, бақтардағы, бульварлардағы және басқа жасыл аймақтарда жолдарды жинағанда жасыл желектердің жойылмауын және еріген суды ағызуды қамтамасыз ету шартымен құрамында химиялық реагенттері жоқ қарды осы мақсаттарға уақытша арнайы дайындалған алаңдарға жинауға рұқсат беріледі.

57. Инженерлік желілерде болған апаттан пайда болған тротуарлар мен жолдың жүру бөлігіндегі мұзды меншік иелері және (немесе) желілердің пайдаланушылары үйеді және тазалайды.

58. Жол берілмейді:

1) магистральдің, көшелердің жүру бөлігіне және өтпе жолдарға, тротуарлар мен көгалдарға квартал ішілік өтпе жолдардан, аула аумақтарынан, кәсіпорындар, ұйымдар, құрылыс алаңдарынан, сауда объектілерінен жиналған қарды жылжытуға немесе орнын ауыстыруға;

2) тротуарларда, саябақтарда, аулаларда және басқа да жаяу жүргінші және жасыл аумақтарда көктайғаққа қарсы реагент ретінде техникалық тұзды және сұйық хлорлы кальцийді пайдалануға.

59. Аулаларға кіреберіс, шығу жолдары, кварталішілік жолдар жүру бөлігінің шетінен бастап механикалық күреу мен сыпырудан кейін бірінші кезекте тазартылуы тиіс. Қар үю орындарын селолық округтар мен кенттердің әкімдері анықтайды.

60. Қар ерігеннен кейін қарды уақытша жинайтын орындар қоқыстан тазаланып, абаттандырылуы тиіс.

61. Тротуарлар, аула аумақтары және өтпе жолдар қар мен мұздақтан асфальтқа дейін тазартылуы қажет. Мұздақ (көктайғақ) пайда болған жағдайда құм немесе ұсақ қиыршық таспен өңдеу жүргізіледі.

62. Аулалар аумақтарынан және кварталішілік өтпе жолдардан тазаланған қарды автокөліктердің еркін өтуіне және жаяу жүргіншілердің қозғалысына кедергі жасамайтын орындарға жинауға рұқсат етіледі.

63. Қар жинау кезінде жасыл көшеттерге зақым келтіруге жол берілмейді.

64. Аулаішілік аумақтарда қарды жинағанда еріген қар суының ағуын алдын ала ескеру керек.

65. Қыс мезгілінде ғимарат, құрылыс иелері және (немесе) пайдаланушылары шатырларды мұздан және сүңгілерден уақытылы тазарту жұмыстарын ұйымдастыруы қажет.

66. Ғимараттың жаяу жүргіншілер аймағына шығатын жақтарындағы шатырын тазарту жұмыстары қар жауғаннан кейін жедел түрде қатерлі учаскелерге қоршау орнату арқылы жүргізілуі керек.

67. Көше жағына қараған шатырлардан қар мен мұздан жаяу жүргіншілер жолдарына түсіріп тазарту жұмыстары тек күндізгі уақытта жүргізілуі қажет. Шатырдың басқа жақтарынан, сондай-ақ жазық шатырлардан қар ауланың ішкі аумағына түсірілу керек. Қарды түсірер алдында жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын жасау қажет. Ғимараттардың (құрылыстардың және құрылғылардың) шатырларынан түскен қарлар, мұздар мен сүңгілер жедел түрде өтпе жолдың шет жағына қарай көшені тазалаушы ұйымдар шығаруы үшін орналастырылады.

2 тарау. Аумақтарды көктем-жаз кезеңінде тазалау

68. Жазғы тазалау кезеңі 1 сәуірден бастап 1 қарашаға дейін белгіленеді. Ауа-райы жағдайлары күрт өзгерген жағдайда жазғы тазалау мерзімдері өзгеруі мүмкін.

69. Аула аумақтарының тиісті презентабельді жағдайын, аула аумақтарын, аула ішіндегі өтпе жолдарды және тротуарларды қоқыстан, шаңнан және ұсақ тұрмыстық қалдықтардан тазалауды, оларды жууды, бояуды, әктеуді, сондай-ақ күні бойы тазалықты сақтауды аумаққа бекітілген субъектілер қамтамасыз етеді.

70. Күрделі емес құрылыс нысандарының иелері және (немесе) пайдаланушылары (автотұрақтар, бокс гараждары, қоймалық қосымша құрылыстар, ғимараттар, сауда және қызмет көрсету нысандары) бекітілген аумақты санитарлық тазалау және тазарту бойынша келісім-шартқа отыруға немесе оны өз күшімен күн сайын жүргізуі тиіс.

71. Металл қоршаулар, жол белгілері және жол көрсеткіштері таза болуы және мерзім сайын боялуы тиіс.

5 бөлім. Қасбеттерді, ғимарат пен құрылыстарды күтіп ұстау

72. Қаптаманың, сылақтың, фактуралық және боямалы қабаттардың бүлінуі, сылақтағы сызаттар, қаптама, кірпіш және шағын блок төсеменің жіктерінен ерітіндінің боялуы, тұтас жинамалы ғимараттардың жіктеріндегі герметикалық сылақтың бүлінуі, қабырғалардың шығыңқы бөліктеріндегі металл жабынның бүлінуі немесе тозуы, су ағар құбырлардың бүлінуі, дымқыл және тот басқан орындар, су аққан және тұздалған жерлер, жазықтықтың жалпы ластануы, парапеттердің бүлінуі және осыған ұқсас басқа да бүлінулер анықталуына байланысты, одан әрі дамуына жол берілмей, ғимарат, құрылыс иелері және (немесе) пайдаланушыларымен жойылуы қажет.

73. Егер заңды немесе жеке тұлғалардың меншігінде, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқаруында, басқа да пайдалануда тұрғын емес немесе тұрғын ғимараттарда жеке үй-жайлар болған жағдайда, осы тұлғалар ғимараттың

пайдалану ауданына қарай аталған ғимараттардың қасбеттерін жөндеуге үлестік қ а т ы с а д ы .

74. Ғимараттардың қасбеттерін, олардың жекелеген элементтерін (балкондар, лоджиялар, су ағатын трубалар) қалпына келтіру, жөндеу және қайта жасау жұмыстары белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізілуі қажет.

75. Кіреберістер, цокол, сөрелер, маңдайшалар, сыртқы жарнама орналастыру құралдары таза және дұрыс жағдайда ұсталуы қажет.
Ж о л б е р і л м е й д і :

1) балкондар мен лоджияларды өздігінен қайта жабдықтауға, терезелер мен балкондардың сыртқы жағына гүлге арналған жәшіктерді орнатуға;

2) белгіленген тәртіпте берілген рұқсатсыз ғимараттардың қасбеттерін, олардың құрылымдық элементтерін өздігінен қайта жабдықтауға;

3) балкондарды қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кедергі келтіретін үй тұрмысына қатысты заттармен (жиһаз, бос сыйымдылықтар) толтыруға;

4) алдын ала сәулеттік бөліктерді қалпына келтірмей ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттеріне сырлау жұмыстарын жүргізуге;

5) табиғи немесе жасанды тастармен қапталған қасбеттерді сырлауға.

Қабырғаға бекітілген барлық болат элементтерді жүйелі түрде бояп, тот басудан сақтау қажет. Барлық құбырлардың қабырғалар мен фундамент арқылы өтетін орындарында ашық орындардың болуына жол берілмейді. Коммуникациялар арқылы өтетін көпіршелер ғимарат, құрылыс иелері және (немесе) пайдаланушыларымен дұрыс және таза күйде болуы қажет.

Меншігінде ғимараттар мен құрылыстар бар кәсіпорындардың және ұйымдардың басшылары, ғимараттар мен құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары көрсетілген объектілердің қасбеттерін күтіп ұстауға, аталған нысандарға және олардың жекелеген элементтеріне (балкондар, лоджиялар, су ағатын құбырлар) қалпына келтіру, жөндеу және сырлау жұмыстарын уақытында жүргізуді, сонымен қатар қасбеттерде орнатылған ақпараттық, ескерткіш тақтайшалардың тазалығын және дұрыс жағдайда болуын қамтамасыз етуге т и і с т і .

Дүкендер мен офистердің көше жағына шығатын сөрелері жарықпен б е з е н д і р і л у і т и і с .

Сәулет, тарихи немесе мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттардың және құрылыстардың қасбеттерін жөндеу, қалпына келтіру және жаңарту Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген нормативтер мен нормаларға сәйкес мәдениет, сәулет және қала құрылысы саласындағы қызметті жүзеге асыратын қорғау міндеттемелеріне сәйкес жүргізіледі.

Ғимараттар мен құрылыстардың түстік шешімі, сондай-ақ олардың қасбеттері құрылысты есепке ала отырып, бірыңғай түстік реңкте орындалуы қажет.

6 бөлім. Тұрғын мақсаттағы аумақты көріктендіру

76. Тұрғын ғимаратқа жанасатын аумақ абаттандырылуы, көгалдандырылуы, жарықтандырылуы, қоршалуы және аймақтандырылуы қажет, кіреберіс жолдары және жаяу жолдардың қатты жабыны болуы қажет.

77. Нысандардың құрылыстан және жолдардан бос аумағы абаттандырылуы және көгалдандырылуы қажет.

Ортақ пайдаланудағы көгалдандырылған аумақтар абаттандырылуы және шағын сәулет түрлерімен жабдықталуы қажет. Шамдардың саны аумақты жарықтандыру нормалары бойынша анықталуы тиісті.

Тұрғын кварталдар, ықшам аудандар аумақтарында, сондай-ақ үй маңындағы аумақта келесі тәртіп сақталуы қажет:

1) тұрғын ғимараттарды және аула құрылыстарын презентабельді жағдайда ұстау, көпірше, тротуарлар, жаяужол, кварталішілік өтпе жолдар мен жолдар нормативтік талаптарға сәйкес болу;

2) жалпы қолданыстағы аулаларда түрлі шаруашылық және қосалқы құрылыстарды (гараждар, сарайлар) өздігінен салуға жол бермеу;

3) өрт қауіпсіздігі мақсатында үй маңындағы аумақтарды және жеке аулаларды құрылыс материалдармен және ауыл шаруашылығы техникасымен үюге жол бермеу;

4) баланста (шаруашылық жүргізу немесе оперативті басқару және (немесе) өзге де басқару) тұрған инженерлік желілерді дұрыс жағдайда ұстау, құдықтарды тексеруді және тазалауды дер уақытында жүргізу;

5) Шағын сәулеттік формаларын, спортқа, ойынға, балаларға арналған және шаруашылық алаңларының жабдықтарын, қоршаулар мен шарбақтарды дұрыс жағдайда ұстау, олардың сыртқы түрін таза ұстау.

7 бөлім. Елді мекен аумағын жарықтандыру

78. Елді мекендердің аумағын жарықтандыру сыртқы жарықтандыру қондырғыларымен (бұдан әрі - СЖҚ) қамтамасыз етіледі, оларға мыналар жатады:

1) электрмен жабдықтау құрылғылары, тарату желілері;

2) электр желілерін қорғау және жерлендіру құрылғысы;

3) басқару құрылғылары;

4) кронштейндер, тростық аспа тіректері жатады.

79. СЖҚ күтіп ұстау және қызмет көрсету келесі шараларды қамтиды:

1) шамдарды тазалау, жарық түсіру деңгейін өлшеу, шамдарды ауыстыру және шамдардағы істен шыққан шашыратқыштарды ауыстыруды қоса

есептегенде, ондағы сандық және сапалық көрсеткіштер берілген параметрге сәйкес келуімен СЖҚ техникалық дұрыс жағдайда ұстау;

2) СЖҚ жұмысының регламенттелген тәртібін қамтамасыз ету, кесте бойынша уақтылы қосу және сөндіруді бақылау, жанбайтын шамдарды, ақауларды анықтау, оларды жедел жою;

3) металл тіректер, кронштейндер және СЖҚ элементтері жабу жағдайына қ а р а й б о я л а д ы ;

4) жарықтандыру тіректерінде, инженерлік желілерде олардың иелерімен және (немесе) пайдаланушыларымен келісімсіз жарнамалық қалқандар орнатуға ж о л б е р і л м е й д і ;

5) кесте бойынша көшелердің, жолдардың, алаңдардың жаяужол бөліктерінің, жағалаулардың және жарықтандырылатын объектілердің сыртқы жарығын қосу табиғи жарықтың көлемінің азаюы кезінде кешкі ымырт кезінде 20 люкске дейін, ал сөнуі - таңертең 10 люкске дейін беріледі. Көшелердегі жанбайтын шамдар 10% аспауы қажет, алайда істен шыққан шамдардың бірінен кейін бірі қатар орналасуына ж о л б е р і л м е й д і ;

6) металл бағаналар, кронштейндер мен сыртқы жарық құрылғылары мен байланыс желілерінің элементтері таза, тот баспай ұсталып, сырлануы қажет. Жанып кеткен шамдарды ауыстыруды тиісті қызметтер оны анықтағаннан кейін 24 сағаттың ішінде ауыстыруы тиіс;

7) пайдаланудан шыққан құрамында сынап бар газ санатындағы шамдар - доқалы сынапты шам (бұдан әрі - ДСШ), металлдық сынаптық йодидтары бар доқалы шам (бұдан әрі - МСИДШ), доқалы натрийлі (бұдан әрі - ДНАТ), люминесцентті шамдарды сақтайтын арнайы орындарда сақталып, одан әрі қайта өңделуі үшін арнайы кәсіпорындарға жеткізілуі қажет. Аталған шамдар түрлерін полигон аумағына шығаруға ж о л б е р і л м е й д і ;

8) жарық және электрлі көліктердің байланыс желілерінің құлаған бағаналарын негізгі магистральдарда кешіктірілмей бағана иесі және (немесе) пайдаланушы шығарады, басқа аумақтарда, сондай-ақ бұзылған бағаналар – 12 сағат ішінде шығарылады.

8 бөлім. Ортақ пайдаланудағы аумақты көріктендіру

80. Ортақ пайдалану аумақтарын тазалауды осы нысандар қызмет көрсетуде және пайдалануда тұрған ұйымдар мен бекітілген аумақ субъектілері жүзеге а с ы р а д ы .

81. Ландшафт - демалу аумақтарының шегіндегі алаңшалардың, жол-соқпақ жүйелерінің жабыны тақташалардан, ұсақ тастан және басқа да берік минералды материалдардан, сирек жағдайларда асфальт жабынын қолдануға жол бере

отырып,

қолданылуы

қажет.

82. Алаңдарда, саябақтарда, скверлерде, демалыс аймақтарында, халық көп баратын жерлерде, көшелерде, тұрғын үйлердің әрбір кіреберісінің алдында, әкімшілік, қызметтік ғимараттар, сауда объектілеріне кіреберісте, қоғамдық көлік күту аялдамаларында бір-бірінен 100 метрден аспайтын қоқыс салатын жәшіктер орналасуы қажет.

83. Қоқыс салатын жәшіктер олардың толуына қарай, бірақ күніне бір реттен аз емес мөлшерде тазартылады. Қоқыс салатын жәшіктер олардың ластануына қарай, бірақ аптасына бір реттен аз емес мөлшерде жуылады. Қоқыс салатын жәшіктерді бояуды иелері және (немесе) пайдаланушылары жүзеге асырады.

84. Көшелер, алаңдар, саябақтар, скверлер мен басқа да қоғамдық орындарда лаптауға жол берілмейді.

85. Адамдардың суға түсуіне арналған орындарда кір жууға және жануарларды жуындыруға жол берілмейді.

86. Саябақтардың қоқыс жинағыштарды орнату үшін арналған учаскелері бар шаруашылық аймағы демалушылардың көп жиналатын орындардан (билеу алаңдары, эстрада, субұрқақтар, басты аллеялар, ойын-сауық павильондары) 50 метрден кем емес ара қашықтықта орналасуы қажет.

87. Демалушылар көп жиналатын орындардан алыс орналасқан жерлерде қалдықтарды жинау ыңғайлылығы үшін қалдықтар мен қоқысты уақытша сақтауға арналған аралық жинағыштар орнатылуы керек.

88. Шаруашылық алаңшалары үшін контейнерлер саны 3 күндік қалдықтардың орташа жиынтығы есебінен анықталуы қажет.

89. Қоғамдық дәретханалар демалушылар көп жиналатын орындардан 50 метр қашықтықта, 500 адамға бір орын есебінен орнатылуы тиіс.

9 бөлім. Елді мекендерді көркем және жарнамалық безендіру, шағын сәулет түрлері

90. Жарық жарнама қала кеңістігінде жаяу жүргіншілер мен автокөлік жүргізушілерін бағдарлауға көмек көрсетуі және жарық құрылымдық міндеттерді шешуге қатысуы қажет. Осындай ақпаратты орналастыру, көлемі, түрі және жарық түсу параметрлері есептік қашықтықтан анық көрінуі және нақты түстік ансамбльге үйлесімді сәйкес келуі, жол қозғалысы ережелеріне қайшы келмеуі, халықтың мекендеу қолайлылығына кедергі келтірмеуі қажет.

91. Сыртқы жарнама және ақпарат құралдары таза болуы және белгіленген тәртіпте орналасуы қажет.

92. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің өндірісіне және ресімдеуге пайдаланылатын материалдар сапа, қауіпсіздік және экологияның, ізгілік және

моральдің заманауи талаптарына сәйкес келуі және аймақтың табиғи-климаттық жағдайларына, экологиялық және санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік нормаларына сәйкес болуы қажет.

93. Жеке тұрған сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін монтаждау (демонтаждау) кезінде құрылымның іргетасы жер деңгейінде немесе одан төмен деңгейде орналастырылуы қажет. Жақын маңдағы аумақ монтаждаудан (демонтаждау) кейін абаттандырылуы қажет.

94. Сыртқы (көрнекі) жарнама нысандарының инженерлік – техникалық шешімі объект бекітілетін ғимараттар мен құрылыстар элементтерінің тірек мүмкіндігін есепке алуы, соның нәтижесінде олардың пайдаланушылық сапасының жоғалуына жол бермеуі қажет.

95. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін күтіп ұстау, оның ішінде оған жанасатын аумақты бес метр радиуста тазалауды сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің иелері жүзеге асыруы қажет.

96. Тұрақты сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін бір немесе одан да көп жақтарында ақпараттық хабарлама (жарнама) болмай пайдалануға жол берілмейді. Сыртқы жарнама объектілеріндегі түсі кеткен, жыртылған ақпараттық тасымалдаушылар, сондай-ақ тақырыбы ескірген, соның ішінде әлеуметтік сипаттағы ақпараттық тасымалдаушыларды ауыстыру қажет. Көрсетілген іс-шаралар сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің иесі есебінен жүзеге асырылады.

97. Жарық жарнамаларды және маңдайшаларды пайдаланатын кәсіпорындар оларды күн сайын қараңғы түскен кезде қосуы және жанып кеткен газ жарық түтіктерді және электр шамдарын уақтылы ауыстырулары қажет.

98. Жарық жарнамалардың немесе маңдайшалардың жеке белгілерінің жарамсыз жағдайында жарнаманы немесе маңдайшаны сөндіру қажет.

99. Жарнамалық құрылымдарды монтаждаудан (демонтаждау) кейін жарнама таратушы аумақты немесе орналастыру объектілерін 7 күннен аспайтын мерзімде көріктендіруді қалпына келтіру қажет.

100. Жол берілмейді:

1) көгалдарға автокөлікті қойып жарнамалық құрылымдардан бейнелерді (плакаттарды) ауыстыруға;

2) жеке меншік иесінің келісімісіз әртүрлі жарнамаларды және басқа да ақпараттық хабарламаларды ғимараттарға, қоршауларға, қалалық жолаушылар көліктері аялдамаларына, жарықтандыру бағаналарына, ағаштарға жапсыруға және орнатуға.

101. Бөлінген белдеу шекарасында орналастырылатын көрнекі жарнама, басқа да ақпараттық белгілер және көрсеткіштер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуы және орналастырылуы қажет.

102. Тұрғын құрылыс аумақтары, қоғамдық аймақтар, скверлер, көшелер, бақтар, демалыс алаңшалары шағын сәулет нысандарымен – шатыр, көлеңкелі бастырма, гүлзарлар, сәкілер, қоқыс салатын жәшіктер, субұрқақтар, балалар ойынына, ересектердің демалысына арналған құрылғылар, газет стендтері, қоршаулар, телефон будкалары (бастырмалар), автокөлікті күту павильондарымен жабдықталады.

103. Қоршаулар, дуалдар салу және орнатуды келесі талаптарды сақтаған жағдайда жүзеге асыруға болады:

1) биіктігі 2 метрге дейін металл дуал (декоративтік, ашық) немесе жасыл (көшет) қоршау салу көп пәтерлі тұрғын үй кешендерін, коттедждік қалашықтарды және жеке тұрғын үйлерді қоршау үшін рұқсат етіледі;

2) биіктігі 2 метрден жоғары металл дуалдармен (ашық) оқу орындарын, балаларды тәрбиелеу және емдеу мекемелерін, базарларды, мамандандырылған мекемелерді қоршау үшін рұқсат етіледі;

3) Кіші сәулеттік формалар тұрақты және мобильді болуы мүмкін, олардың саны және орналасуы аумақтарды көріктендіру паспорттарымен белгіленеді.

104. Жаңа құрылыс кезінде құрылыс салынатын учаске шегінде шағын сәулет түрлерін жобалау, әзірлеу және орнатуды тапсырыс беруші бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырады.

105. Шағын сәулет түрлерінің сындарлы шешімдері олардың тұрақтылығын, пайдалану қауіпсіздігін қамсыздандыруы тиіс.

106. Заңды және жеке тұлғалар - шағын сәулеттік түрлерінің иелері және (немесе) пайдаланушылары өз есебінен оларды ауыстыру, жөндеу және бояуға тиіс.

107. Елді мекен аумағында шағын сәулет түрлерін орнату және күтіп ұстау келесі талаптар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) сыртқы көріктендірудің барлық элементтері, соның ішінде ғимараттардың қасбетін өңдеу бекітілген жобаға және өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес орындалуы қажет;

2) шағын сәулеттік үлгілер орнатуға және орналастыруға тек ауданның сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары органдарымен тиісті келісімнен кейін ол беріледі;

3) құрылыстардың иелері және (немесе) пайдаланушылары келісімсіз көше, алаң, жағажай және қоғамдық орындарға қарайтын ғимараттардың қасбеттерін мерекелік безендіруге құқылы.

108. Орындықтарды іргетастың немесе жабынның қатты түрлеріне орнату көзделуге тиіс. Демалыс аймақтарында, орман-саябақтарда, балаларға арналған алаңшаларда орындықтарды жабынның "жұмсақ" түріне орнатуға болады. Іргетасы болған кезде оның бөліктері жер бетіне шығып тұрмауы қажет. Ересек

адамның демалуы үшін орындықтың биіктігі жабын деңгейінен отыру жазықтығының деңгейіне дейін 420-480 миллиметр шамасында болуы қажет. Демалу үшін орындықтардың үстін түрлі суға төзімді өңдеумен (лайықтысы – сіңіре өңдеу) ағаштан жасау ұсынылады.

10 бөлім. Коммуналдық меншікті нысандарының сақтығы

Өзіне сыртқы көркейту нысандары және елді мекенді ұстауға енетін коммуналдық меншікке зиян келтіру және бүлдіру жағдайында жергілікті жердегі атқарушы органдар кінәлі заңды және жеке тұлғаларға қатысты сот тәртібімен материалдық шығынды және моральдік зиянды өтеу жөнінде шаралар қабылдайды.

11 тарау. Қалдықтар мен қоқыстарды жинау, сақтау, шығару және өңдеу

109. Жоспарлық - жүйелі тазалау қалдықтарды жоюды жүзеге асыратын ұйым және жеке және заңды тұлғалардың арасындағы келісім-кестелер бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

110. Қалдықтарды полигонға шығарған кезде автомашинаның әр рейсі полигон әкімшілігінің жол парағында белгіленуі қажет.

111. Қалдықтарды шығару 7 сағаттан ерте емес және 23 сағаттан кеш емес уақытта жүзеге асырылуы тиіс.

112. Қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарды зиянсыздандыру қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес келетін арнайы құрылыстарда (қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған полигон, ассенизация алаңдары, жер жырту алаңдары, мал қорымдары, кәріз құрылымдарының жүйесі) жүргізілуі қажет.

113. Қалдықтарды осы мақсаттарға арналмаған басқа аумақтарға шығаруға, сонымен қоса ауыл шаруашылық даласында көмуге жол берілмейді.

114. Үй иеліктері, ұйымдар, мәдени - көпшілік мекемелердің аумақтарында, демалыс аймақтарында көлік өтуі үшін өтпе жолдары бар қоқыс және қалдық жинауға арналған контейнерлер орнататын арнайы алаңшалар бөлінуі қажет. Алаңшаның су өтпейтін жабыны және үш жағынан бұталардан құралған тұтас қоршауы болуы қажет.

115. Контейнерлерді орнатуға арналған алаңшалар тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, барлық түрдегі ұйымдардан, спорт алаңшаларынан және халықтың демалу орындарынан 25 метрден кем емес және 100 метрден артық емес қашықтықта орналасуы қажет. Алаңшалардың көлемі 5 контейнерден кем емес контейнер қоюға арналуы қажет. Контейнерлерден алаңшаның шетіне дейінгі арақашықтығы 1 метрден кем болмауы қажет. Аула дәретханаларынан,

контейнер алаңшаларынан, бекітілген арақашықтықты сақтау мүмкін болмайтын құрылысы салынған аудандарда осы ара қашықтықты өкілетті орган сәулет және қала құрылысы, тұрғын үй-пайдалану ұйымы қызметкерлерінің, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің аумақтық органы маманының қатысуларымен комиссия белгілейді.

116. Орнатылатын қоқыс жинағыштар (контейнерлер) санын анықтау үшін қоқыс жинағыштарды пайдаланатын халық саны, қалдықтардың жиналу нормалары, оларды сақтау мерзімдерін есепке ала отырып анықталуы қажет. Қоқыс жинағыштардың есептік көлемі ең көп жиналатын кезеңдегі қалдықтардың нақты жиналу көлеміне сәйкес келуі қажет.

117. Қоқыс жинағыштарда (контейнерлерде) жылдың суық мезгілінде қалдықтарды сақтау мерзімі (-8 және С бойынша төмен градус температурада) үш тәуліктен артық болмауы, жылы кезеңде (плюс температурада) тәуліктен артық емес мерзімде шығарылуы қажет.

118. ҚТҚ жинау үшін (жақсы жабдықталған тұрғын үй қорында) стандартты контейнерлер (0,75 текше метр), жеке үй иеліктерінде қақпақтары бар түрлі сыйымдылықтағы құрылымдар (ағаш, металл қолдану қажет.

119. Жаз уақытында металл контейнерлер арнайы орындарда 10 күнде бір реттен жиі емес (ауысымсыз жүйеде) және әр төгілген кезде ауысымды жүйеде) ж у ы л у ы қ а ж е т .

120. Екінші реттік шикізаттарды (тоқыма, банкалар, шөлмектер және басқа бұйымдар) контейнерлерден, мамандандырылған көліктен таңдап алуға жол б е р і л м е й д і .

121. Кәріз жүйесі жоқ үй иеліктерінде сұйық қалдықтарды жинау үшін су өтпейтін, қатты фракцияларды бөлу үшін торы және қақпағы бар жер бетіндегі бөлігімен шұңқырлар жабдықталуы қажет. Аулалық дәретханалар болған кезде шұңқыр ортақ болуы мүмкін. Кәріз жүйесі жоқ аулалық және қоғамдық дәретханалар тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, балаларға арналған алаңшалар мен халықтың демалу орындарынан 25 метрден кем емес қашықтықта о р н а л а с у ы қ а ж е т .

122. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау жағдайында аулалық дәретханалар құдықтар мен бұлақтардан 50 метрден кем емес қашықтықта о р н а л а с у ы қ а ж е т .

123. Аулалық дәретханалардың жер бетіндегі бөлігі және шұңқыры болуы қажет. Жер бетіндегі үй-жай тығыз орналасқан материалдардан (тақтай, кірпіш, блоктар) құрылуы қажет. Шұңқыр су өтпейтін болуы қажет. Шұңқырдың тереңдігі жер асты суларының деңгейіне байланысты, бірақ 3 метрден артық болмауы қажет. Шұңқырды жер бетіне 0,35 метрге дейін ғана толтыруға жол беріледі. Шұңқыр толтырылуына қарай, бірақ жарты жылда бір реттен кем емес

124. Аулалық дәретханаларды тазалау күнделікті жүзеге асырылады. Аулалық дәретханалардың жер бетіндегі бөлігі кеміргіштер мен жәндіктерді өткізбейтіндей болуы қажет. Кәріз жүйесі жоқ аулалық дәретханалар және шұңқырлар 10 күнде 1 рет зарарсыздандырылуы қажет.

125. Сауда және қоғамдық тамақтану объектілерінде азық – түлік қалдықтарын уақытша сақтау тоңазытқыш камераларында немесе басқа да салқындататын үй-жайларда жүзеге асырылуы қажет.

126. Азық-түлік қалдықтарына арналған жинау құралдары күн сайын жуу құралдарымен жуылып және 10 күнде 1 рет зарарсыздандырылуы қажет.

12 бөлім. Құрылыс және монтаж жұмыстарын жүргізу кезінде көріктендіру талаптары

127. Құрылыстың барлық мерзімінде жүргізілетін жұмыстар қоршаған орта, аумақ, халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құрылыс алаңшасында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құрылыс алаңшасына жанасатын аумақта тәртіп сақтау бойынша жергілікті әкімшіліктің талаптарын орындауды қамтамасыз етуі қ а ж е т .

128. Құрылыс-монтаж жұмыстары басталғанға дейін құрылыс алаңы және одан тысқары қауіпті жұмыс аймақтары қоршалуы қажет.

129. Алаңға кіреберісте объектінің, құрылыс салушының (тапсырыс берушінің), мердігердің (бас мердігердің) атауы, объект бойынша жауапты жұмыс өндірушісінің аты-жөні, лауазымы және телефоны көрсетіліп, ақпараттық қ а л қ а н д а р о р н а т ы л у ы қ а ж е т .

130. Жауапты орындаушының атауы және телефоны құрылыс алаңдарынан тыс орындардың қоршауындағы қалқандарында, мобильді ғимараттар мен құрылыстарда к ө р с е т і л у і т и і с .

131. Қажеттілік жағдайында жергілікті атқарушы органның талабы бойынша құрылыс алаңы қоқыс жинауға арналған бункерлер және жабдықтармен, сондай-ақ шығу орындарында көлік құралдарының дөңгелектерін тазалау пункттерімен, ал желілік объектілерде - жергілікті атқарушы органдар көрсеткен о р ы н д а р д а ж а б д ы қ т а л у ы қ а ж е т .

132. Құрылыстың жоспарымен қарастырылған көшелерді жабу, көлік қозғалысын шектеу, қоғамдық көлік қозғалысын өзгерту бойынша шараларды жұмыстарды орындаушы жұмыс басталар алдында жол полициясымен және қала аудандары әкімдерімен келісуі қажет. Шектеулерде қажеттілік аяқталғаннан кейін көрсетілген органдар хабарландырылуы қажет.

133. Құрылыс жүргізілетін барлық мерзімде жұмыстарды орындаушы алаңға

қойылатын еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, құрылыс жұмыстарының қоршаған аумақ және халық үшін қауіпсіздігі талаптарын және осы нормалармен , қолданыстағы басқа нормативтік құжаттармен құрылысқа келісу талаптарымен белгіленген әкімшілік сипаттағы түрлі талаптарды орындауға жауапкершілікте б о л а д ы .

134. Құрылыс жүргізілетін барлық мерзімде жұмыстарды орындаушы уақытша инженерлік желілер, жолдар және көліктік құрылыстар, қойма алаңдары , тұрмыстық және барлық қатысушылар үшін ортақ пайдаланудағы басқа да уақытша ғимараттар мен құрылыстарды жайластыру, пайдалану, дамыту және жоюды, сондай-ақ егер басқасы құрылысқа келісу шарттарымен немесе құрылысқа қатысушылар арасындағы келісіммен қарастырылмаса, алаң аумағындағы жерлерді қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

135. Жұмыстарды орындаушы бекітілген аумақтың құрылыс алаңы аумағын тазалауды қамтамасыз етуі қажет. Тұрмыстық және құрылыстық қоқыс, сондай-ақ қар елді мекендердің әкімдері бекіткен тәртіпте және мерзімдерде у а қ т ы л ы ш ы ғ а р ы л у ы т и і с .

136. Жұмыстар аяқталғаннан кейін бүлінген аумақты, оның ішінде жол жабынын, жиектастарды және көгалдандыру элементтерін кешенді көріктендіру жұ м ы с т а р ы о р ы н д а л у ы қ а ж е т .

137. Қалпына келтірілген аумақ құрылыс немесе қатыстырылған жөндеу ұйымынан оны пайдалануға жауапты ұйыммен акт бойынша қабылданады.

138. Жұмысты алты айдан артық мерзімге тоқтату немесе тоқтата тұру қажеттілігі кезінде құрылыс салушы (тапсырыс беруші) объектіні консервациялауды (оны және құрылыс үшін қолданылған аумақты халық пен қоршаған орта үшін объектінің қауіпсіздігін және негізгі құрылымдардың беріктігі, тұрақтылығы, сақталуын қамтамасыз ететін жағдайға келтіру) қ а м т а м а с ы з е т у і қ а ж е т .

139. Егер ғимараттың немесе құрылыстың пайдаланылуы тоқтатылса (жойылса), халыққа және қоршаған ортаға қауіп келтіретін жағдайларға жол бермейтін шаралар қабылдануы қажет және (немесе) сәулет және қала құрылысы органымен келісе отырып, бұзулуы қажет. Ғимарат сәулет ескерткіші немесе тек қана өндірістік нысанның қажетінен басқа пайдаланылған жағдайдан басқа, бөгде адамдардың рұқсат етілмеген кіруінен қорғалған өндірістік нысандар мен басқа аумақтардағы ғимараттар мен қондырғылар үшін келісім талап етілмейді.

13 бөлім. Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

140. Осы Ережелерді бұзған жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қазақстан

Осы паспортта көрсетілген деректер өзгерген жағдайда заңды тұлғаның басшысы, (жеке тұлға) _____ аудан әкімінің аппаратын хабардар етіп, жаңартылған аумақты тазалау және күтіп ұстау көріктендіру паспортын алады.

М.О _____ Т.А.Ж.

(заңды тұлға басшысының, жеке тұлғаның қолы)

"__" _____ 20__ жылы берілді

Аудан әкімі _____ Т.А.Ж. _____
М.О. _____ (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК